**Қабылдау комиссиясының күрделі жөндеу жұмыстары жасалған нысанды пайдалануға қабылдау туралы актісі**

2013 жыл 9 желтоқсан Жалғансай селосы.

Атырау облысы, Махамбет ауданы, Жалғансай селосы, «Шалқыма» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның 2013 жылға 6 желтоқсанындағы №58 бұйрығымен құрылған қабылдау комиссиясы мына құрамда:

Комиссия төрағасы:

Есенгалиев Аманкелди Куралбаевич – «Шалқыма» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын директоры, тапсырыс беруші

Аманов Малик Хайдарович – Махамбет аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі басшысының орынбасары.

Жунусов Шынтас Тлекшиевич – Махамбет аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы.

Чуйншкалиева Раушангул Маратқызы – Махамбет аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы.

Садықов Кенжебай Жылқыбайұлы – Жалғансай селолық округ әкімі аппаратының бас маманы.

Жаңабаев Сәкен Аманоллаұлы – «БКА – Групп» ЖШС инженері, техникалық қадағалаушы.

Джолымбетов Сериккали Аккобанович - «КАЗ ОКК» ЖШС директоры, бас мердігер.

1.Тапсырыс беруші Атырау облысы, Махамбет ауданы, Жалғансай селосы, «Шалқыма» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны мен бас мердігер «КАЗ ОКК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен бірлесіп, кәсіпорын ғимаратына жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстары нысанын пайдалануға қабылдауды ұсынды.

2.Баланс ұстаушы «Шалқыма» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны.

3.Күрделі жөндеудегі құрылыс-монтаж жұмыстарын орындаған бас мердігер «КАЗ ОКК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асырған.

4.Күрделі жөндеу жұмыстарына арналған жобалау сметалық құжаттамасын жасаған жеке кәсіпкер «Қоржынов Т.Е.». лицензиясы № 001420 берілген 31.08.2012 әзірлеген.

5.Жобалауға арналған бастапқы деректерді Атырау облысы, Махамбет ауданы, Жалғансай селосы, «Шалқыма» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны берген.

6.Жобалау сметалық құжаттамасы «Шалқыма» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның 2012 жылғы 28 желтоқсанындағы №41 бұйрығымен бекітілді.

7.Күрделі жөндеу жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылған.
Жұмыстың басталуы: 2013 жыл 24 қыркүйек
Жұмыстың аяқталуы: 2013 жыл 15 желтоқсан
8.Қабылдау комиссиясына мынандай құжаттамалар ұсынылды.:
-қорытынды;
-дефектылық сұраныс;
-жобалау сметалық құжаттама.
9.Нысан бойынша технологиялық және сәулет-құрылыс шешімі мынандай деректермен сипатталады:
Күрделі жөндеу жұмыстарын орындаған бас мердігер «КАЗ ОКК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі төбе жабындыларын бұзып, жаңадан жасау, ғимараттың ішкі-сыртқы жарларын тегістеп, сырлау, терезелерді жаңалау, едендерге кафель, паркет, ламинат, линолеум төсеу, есіктерді ауыстырып, жаңалау, тоқ желілерін жаңадан монтаждау, ғимарат қоршауларын жаңалау жұмыстарын жүзеге асырды.
10.Бекітілген жобалау-смета құжаттама бойынша сметалық құны: күрделі жөндеудің жалпы сметалық құны - 36,205 млн.теңге
Оның ішінде құрылыс-монтаж жұмыстары - 31,565 млн теңге
Негіз: «Атырау мемсараптама» РМК-нің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 05-0512/12 қортындысы
11. Пайдалануға берілген қабылданатын негізгі қордың сметалық құны: күрделі жөндеудің жалпы сметалық құны - 36204780 теңге.
Оның ішінде құрылыс-монтаж жұмыстары - 31565360 теңге
12. Нысанды тексеру және тиісті құжаттамаларын танысу негізінде: технологиялық шешімнің озықтығына баға:
Технологиялық жақсы
Сәулет - құрылыстық жақсы баға беріледі.
Қабылдау комиссиясының шешімі:
Қабылдауға ұсынылған: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Жалғансай селосы, «Шалқыма» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілген құрылыс нысаны ПАЙДАЛАНУҒА ҚАБЫЛДАНСЫН.

Қабылдау коммиссиясының төрағасы:

Есенгалиев Аманкелди
Куралбаевич

(қолы,мөрі)

Комиссия мүшелері:

Аманов Малик Хайдарович

(қолы,мөрі)

Жунусов Шынтас Тлекшиевич

(қолы,мөрі)

Чуйншкалиева Раушангул Маратқызы

(қолы,мөрі)

Садықов Кенжебай Жылқыбайұлы

(қолы,мөрі)

Жаңабаев Сәкен Аманоллаұлы

(қолы,мөрі)

Джолымбетов Сериккали Аккобанович

(қолы,мөрі)